И лаборатория - член того же экипажа.

Шархат, Рзагуль - наши заводилы
Организуют, сплачивают люд.
Анара Муратовна, ведь силы
Мы черпаем из Ваших вкусных блюд.
И красавицы Жаннат, Гайни,
Терпеливы вы в своей работе.
Труд девчонок в лаборатории
Почти неприметный,
Но вклад ваш поныне
Для всех нас заметный.

Благодарю свой коллектив!
Ох, не забыть мне эти годы, ибо
Я запишу их в жизненный актив.
Коллегам всем я говорю: спасибо!

Спасибо за внимание, комфорт,
За понимание в трудные мои минуты!
Такого коллектива - высший сорт,
Желаю всем приобрести в своей работе!

**Наталья Матвеевна Бортникова**
**Руководитель группы по испытанию вентиляционных систем (ГИВС) ЛПС и ЭИ ДТБ, ОТ и ООС**



Мен, **Жаңбыров Жолдыбек**, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқасмұнайгаз ӨБ-ның МГӨК-3 ұжымының операторы болып 1991 жылдан бері жасаймын. Жылқы жылы жақсы жетістіктерге жетіп, елімізге келген құт-берекелі жыл боды. Қоғамның Ұжымдық шартқа байланысты барлық жеңілдіктерін алып келеміз. Елбасымыздың үстіміздегі жылдың 11-ші қарашасындағы халыққа жолдаған жолдауын ұжым болып талқыладық. Мұнай өнімі жылдан жылға артып келеді. Межелеген өнімді жақсы нәтижемен орындап шықтық.Келе жатқан Қой жылынан жақсы жетістіктер күтеміз. Барлық мұнайшыларды келе жатырған Жаңа Жылмен құттықтаймын, еліміз аман, жұртымыз тыныш, зор денсаулық, еңбекте табысты болуларыңа тілектеспін.



Өтіп жатқан 2014 жыл еліміз үшін жақсылығы көп болған жыл деп есептеймін. Жақында Елбасымыздың жариялаған жолдауында халықтың еңбек ақысын, жәрдемақыларды өсіру, тұрғын үйді халыққа қол жетімді бағамен беру тағы да баска көптеген жақсы жұмыстарды жоспарлап жатыр. Осының барлығы еліміздің, халқымыздың жағдайын арттыра түсері анық. Келе жатқан Жаңа 2015 жыл құтты болсын. Берекелі, мерекелі, табыстары мол жыл болсын.

**Айтуарова Балихан, Тұрғын үй пайдалану цехының қойма меңгерушісі**



Өткелі отырған жылда отбасымызда көптеген жаңалықтар болды. Ата- анамнан енші алып бөлек шықтым. Бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырмын. Ұлым биыл мектеп табалдырығын аттады. Осындай қуанышты жағдайлармен Жылқы жылын аяқтап, келер 2015 Қой жылында да елімізде, қызмет саласында, отбасымызда үлкен жақсылықтарды күтемін.

Міне Жылқы жылының да соңғы айлары бітіп, келер Қой жылы да жақындады. 2015 жылы барша халқымызға, ұжымымызға, отбасыларымызға береке, бірлік әкелсе деймін. Еңбектері жемісті, дендері сау, еліміз тыныш болып Жаңа Жыл жақсылығымен келгей.

**Иманша Бақытжан**
**Алдын ала су айыру қондырғылары кәсіпшілігінің 4-ші дәрежелі операторы.**



**Құрметті Мұнайшылар!!!**

Сіздерді санаулы күндерден кейін аяқ бастағалы тұрған Жаңа-Жыл - Қой жылы мерекесімен құттықтаймын!

Жаңа-жылда әр адам қашанда жаңа үміттер мен армандар ұялататын, ғажайып қиялдар орындалама деген ең сүйікті мереке.

Ескі 2014 жылды шығарып сала отырып, көптеген маңызды өндірістік жетістіктерге қол жеткізгенімізді айта кету керек.

2014 жылдың 10 желтоқсан күні «ЖМГ» ӨБ-ы жылдық жоспар 1 млн. 930 мың 800 тн мұнай өндіріп орындалды. Айдың аяғына дейін 2 млн тн-дан асыра орындау жоспарланып отыр.

Әлеуметтік сала бабынына да жаңа ғимараттар, асханалар және бірнеше топ қондырғылары салынып жұмысшылардың (№7,10 Асханалар №10, 11, 29, 28. БКНС-4, ПРЦЭО, УУОЗГ әкімшілік ғимараттарына күрделі құрылыстар жүргізілді) әлеуметтік жағдайлары жақсарып келеді. 2015 жылы да осындай әлеуметтік бағдарламалар жалғасын табады деген үміттемін.

Биылғы Мұнай-газ кешені күні мерекесінің тойлануы өте ерекше болып өтті. Ақтаудан басталған той мерекесі Қаламқаста одан кейін Жетібайда кенорнында жалғасып киіз үйлер тігіліп сахнада өнерпаздар, спорт алаңында спортшылар өнер көрсетті. Ардагер мұнайшылар, зейнеткер, облыс,аудан басшылары қатысып мереке өте жоғары деңгейде өтті. Үстіміздегі өтіп бара жатырған 2014 жыл да табысты жыл болды. Осы жыл мен үшін өте бір биік омір белесіндей болды, басқа ұжымдастарыммен бірге жасаған жұмыстарым бағаланып марапатталдым.

Бұл жыл менің отбасымда қуанышты жыл болды. Тәжімұрат атты немерелі болдым. Алдағы 2015 жылы елдің ішінде мұнайшылардың бұдан бұлай да еселі табысты жыл болады деп есептеймін.

Алдағы келе жатқан 2015 Қой жылымен» барлық «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ еңбекшілерін құттықтай отырып, оларға өмірде бақыт, еңбекте зор табыс, отбастарыңа куаныш, дендеріне саулық тілеймін.

***Қ.Жақыпов ,***
***«ЖМГ» ӨБ Әлеуметтік мәселелері жөніндегі топ жетекшісі***



Өзім Жылқы жылы туылғасын, 2014 жыл жақсылықтарға толы жыл болды деп есептеймін. Өзім жұмыс жасайтын ҚМГ ӨБ МГӨК-3 №2-ші ұжым жұмысшыларының ауызбіршілігі жоғары. Осы ауызбіршіліктің арқасында кәсіби жетістіктерге жетудеміз. Өндіріс жарақтары жылдан жылға жаңаруда. Жеке басыма келсем, спорт жанкүйері болғаннан кейін осы жылы болған футболдан Әлем чемпионатын тамашалап, жақсы әсерде қалдым.

2015 жылдан ел ауқатымыздың жақсы болуын, халқымыз өсіп өнуін, жанұямызда бақыт, ауызбіршілігіміздің мықты болуын тілеймін.

Жаңа жылымыз жақсылыққа толы болсын.

**Өміров Дәрібай,**
**МГӨК-3 №2-ші ұжым шебері.**



Мен «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ғы Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау жөндеу цехында жұмыс жасаймын. Осы өткелі отырған 2014 жылымыз қызметте және отбасымда да құтты жыл болды. Еліміздің тыныштығы, көп ұлтты тату да берекелі, отбасымыздың амандығы мен үшін әр дайымда жақсылық деп білемін. «Ескі жылды есірке, жаңа жылымызды жарылқа» дегендей, ескі жылымыз жақсылығымен болды деп есептеймін.

Келе жатқан 2015 Қой жылы мен үшін, яғни Қой жылы туылғандарға жақсылығымен келеді деп есептеймін. Баршаңызға бақ береке, мол табыс, қажымас қайрат, зор денсаулық, еңбекте алда болуларыңызға тілектеспін.

**Мұханбетов Еркін,**
**Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау жөндеу цехының механигі.**



2014 жылы қуантарлық жағдайымыз қызым Тілегенова Саяжан «Н. Ә. Назарбаев зияткерлік мектебіне» оқуға түсіп отбасымызбен қуандық. Қызымның мұнайшыларға арналған өлең шумақтарын ұсынамын:

Құтты болсын келе жатқан Жаңа Жыл,
Мұнайшының мәртебесін асырған,
«Қара алтыны» Маңғыстауды жаңғыртып,
Күліп-ойнап күлімдеген жас балам,
Маңғыстау сары далам кең жайылған,
Байлық толы сан ғасыр сарқылмаған,
Бабалар ұрпағына нәсіп еткен,
«Қара алтын» мұнайы бар тасып жатқан,

Алдағы 2015 Қой жылы елімізде тыныштық, жанұяларыңызға бақыт береке,мұнайымыз көп табысты жыл болсын дегім келеді.

**Тілегенов Жұмабек.**
**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Кешенді мұнай дайындау және өткізу цехының 5-ші дәрежелі компрессорлық қондырғылар машинисі**

# ЕЛДІ ЕЛ ЕТЕТІН ЕҢБЕК

**Биыл елімізде 28 қыркүйекте алғаш рет Еңбек күні атап өтілді.**

**«Еңбек етсең емерсің», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бейнет түбі – зейнет». Қазақтың мақал-мәтелдері ғажап қой. «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі тұғыры – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын қалыптастыру болып табылады. Адал және кәсіби еңбек Қазақстанды әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосады. Қарапайым еңбек адамдарын ынталандыру үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы және «Еңбек ардагері» медалі беріледі.**

**Еңбек мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының басқармасы акционерлік қоғам бойынша «ҮЗДІК МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ» конкурсын ұйымдастырған еді. «Жүзден жүйрік» шыққан өз мамандықтарының майталмандары «Үздік мұнай және газ өндіру операторы», «Үздік слесарь-жөндеуші», «Үздік электргазбен дәнекерлеуші» атақтары үшін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және АҚ өндірістік департаменті мұнайшылары арасында сайыс өткен. Біз бүгінгі нөмірде «Үздік мұнай және газ өндіру операторы» атақтарын алған ҚАНАТБАЕВ Азамат Аманқосұлы (бірінші орын), БАЛҒАБАЕВ Ислам Жәумітбайұлы (екінші орын), САТЫБАЛДИЕВ Асқар Тілегенұлы (үшінші орын) туралы сыр шертпекпіз.**

***«Әлемнің әміршісі – еңбек, тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек».***
***Н.Назарбаев.***

## ҚАЛАМҚАСТЫҢ АБЗАЛ АЗАМАТЫ




- Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауының маңызы өте ерекше,- деді бізбен болған сұхбатында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы №4 мұнайгаз өндіру цехының төртінші дәрежелі операторы Азамат Аманқосұлы Қанатбаев.- Жолдау мұнайшыларға ерекше жігер, қанат берді. Жол ауыл мен ауылды ғана емес, ел мен елді де жалғастырады екен. Осы Жолдауда «Жезқазған – Бейнеу», «Қазақстан – Түркіменстан - Иран» «Боржақты - Ерсай» теміржолдарының пайдалануға берілуінің елімізге қаншалықты пайда әкелетінін ұғындық. Осы жолдардың бәрі де біздің Маңғыстауымыздың үстімен өтіп, жүгімізді алыс шетелдерге жеткізеді, олардан импортты тауарлар әкеледі. Ал жергілікті тұрғындар үшін «Атырау - Ақтау» автожолының маңызына баға жетпейді.

Азамат Аманқосұлының бұл сөзі мұнайшылардың күнделікті жаңалықтарды қалт жібермей қадағалап отыратынын көрсетеді ғой. Азамат 1977 жылы Шетпе ауылында дүниеге келген. Әкесі Аманқос Қанатбаев кеңшарда жүргізуші болса, анасы Ақлима Өтеулина аптекарь, ауылға сыйлы, басы ауырып, балтыры сыздағандарға қайырымды жан болды. Азамат отбасында үш ұл, екі қыз, бес ағайынды болып өсті. Ол 1994 жылы Нүн Жұбаев атындағы орта мектепті бітірген соң ДОСААФ жанынан шоферлік курсты бітірді де, 1977 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №4 мұнайгаз өндіру цехына екінші дәрежелі оператор болып орналасты. Содан бері осында, ешқайда ауысқан жоқ, цехтағы ұңғылардың бәрінің қыры мен сырын жақсы біледі. Он күндік вахтамен жұмыс істейді. Азамат жұмыс істейтін №32 топтық қондырғыда 24 ұңғының 5-еуі бұрандалы сораппен жұмыс істесе, қалғандары станок-качалкалар.

Цех бастығы Мәди Кентанов, оның орынбасары Сәубетов Әнуар, мастерЖасұлан Ұзақбай тарапынан берілген тапсырмаларды оператор Ерлан Қалмағанбетов екеуі үнемі мезгілінен бұрын орындауға тырысады. Вахталық қалашықтың да тұрмыс жағдайы жақсы, бір бригаданың төрт адамы – –Жаймағанбетов Бауыржан, Мұқанов Қыдырбай, Тілес Алтынбек және өзі бір отбасының мүшелеріндей бірге тұрады. Келіншегі Нахуова Райхан екеуі Динара, Әсемай, Ақбота атты үш бүлдіршін тәрбиелеп отыр. Динарасы Ш.Есенов атындағы университеттің экономика факультетінде екінші курста оқыса, Әсемайы Әуезов мектебінің төртінші сыныбында, Ақботасы балабақшада.

Азамат Аманқосұлы «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік мұнай және газ өндіру операторы» номинациясы бойынша бірінші орынды иеленді. Демек ол «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының ең үздік операторы.

## ӨЗ ІСІНЕ ТИЯНАҚТЫ ЖАН




Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауын жетібайлық мұнайшылар да үлкен серпіліспен қарсы алып, қызу қолдау көрсетуде. Соның бірі – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №2 цехының бесінші дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы, өз мамандығының үздігі Балғабаев Ислам Жәумітбайұлы бізге былай деді:

-ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының жыл сайынғы Жолдауы бізге зор шабыт беретін. Ал биылғы Жолдаудың орны ерекше, өйткені бұнда өлкемізге қатысты бірнеше ірі жобалар бар. Сонау Қазақ хандығының тарихи ізі сайрап жатқан Ұлытаудан бастау алатын «Жезқазған - Бейнеу» теміржолы орталықпен байланысты бірнеше есе қысқартып, халықшаруашылығы жүктерін, жолаушыларды Маңғыстауға алып келеді. Ал Өзеннен басталатын Түркіменстан - Иран теміржолы әлгі орталық, оңтүстік, солтүстігімізден келетін жүктерді Парсы шығанағына жеткізеді. Ғажап емес пе?

Ислам Жетібайдың төл перзенті. 1976 жылы дүниеге келген. Жетібайдағы №3 мектепті 1992 жылы бітірген соң бірден Ақтау қаласындағы №1кәсіби-техникалық училищеге түсіп, одан мұнайгаз өндіру және жерасты жабдықтарын жөндеу операторы мамандығын алып шығады. 1993-1995 жылдары Жетібай кенорнына химизация цехында оператор болады. 1995 жылдың мамырында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №2 цехына оператор болып ауысады. Ол кезде цех бастықтары Бақыт Иманбаев, Болат Сейітмағанбетов, Мәлік Абыланов, т.б. болатын. Оның бұлардан үйренгендері көп, жақсы тәлімгер бола білді. Ислам цехтағы 18 топтық қондырғының 10-ында абыройлы жұмыс жасады.

Ислам 2013 жылдың 20 қазанында өзі алғаш еңбек жолын бастаған Жетібай кенорнына қайта ауысты. №3 топтық қондырғыда әріптестері Досмұханбетова Роза, Қуандықов Сәрсен, Бисенов Қабыл, Ходжаев Бегілен, Қалдыбаев Ерген, т.б. бірге мұнай өндірудің техникалық қауіпсіздігін, өндіріс мәдениетін, тазалықты қадағалауда еселі еңбек етіп келеді. Ислам сонымен бірге үлгілі отбасы, келіншегі Майра Шәмшадиева қазақ тілі пәнінің мұғалімі, екеуі Назерке, Еркебұлан, Назым, Фарида есімді төрт бүлдіршін тәрбиелеп өсіруде. Назеркесі Ақтөбе қаласында университеттің бірінші курсында оқиды. Фаридасы төрт айлық, қалғандары оқушы.

Ислам Жәумітбайұлы «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік мұнай және газ өндіру операторы» номинациясы бойынша екінші орынды иеленді. Демек ол «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының ең үздік операторларының бірі.

## БҰРҒЫШЫНЫҢ ҰЛЫ



Асқар Тілегенұлы Сатыбалдиев қазіргі Құрық, бұрынғы Ералиев барлаушылар поселесінде 1978 жылы бұрғышы Тілегеннің отбасында дүниеге келді. Тілеген кезінде Қаламқас,Опорный, Боранқұл алаңдарын барлаған болатын. Асқар осы поселкедегі №1 орта мектепті 1995 жылы бітірген соң Ақтау қаласындағы №1 кәсіптік-техникалық училищеге оқуға түсіп, оны сынақ жұмыстары жөніндегі операторжүргізуші мамандығы бойынша бітіріп шықты. Көп кідірмей 1996 жылдың қарашасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №4 цехына үшінші дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы болып орналасты.

Алғаш еңбекке араласқанда цех бастығы Жалғас Иманбаев болатын. Ол мұны тәжірибелі оператор Нұрлан Еңсегеновтің қасына қосты. Мастері Олег есімді азамат еді. Асқардың Нұрланнан үйренгені көп. Нұрлан тәуелсіз Қазақ елінің «Құрмет» орденімен алғаш марапатталған мұнайшылардың бірі болатын. Ол зейнетке шыққан кезде өз орнына баласы Ерболды жұмысқа кіргізді, қазір әке жолын баласы жалғастыруда. Асқар енді бұрынғы ұстазының ұлына өзі ұстаз болып жүр деседе болады.

Асқар қарайтын №18 топтық қондырғыда 29 ұңғы бар. Бүгін соларды үшінші дәрежелі оператор Ержан Орынғалиұлы екеуі обход жасап шығуы керек. Тапсырмаларын алған соң екеуі екі бағытқа бет алған. Асқардың көзі бірден №3 сораптың ременінің үзіліп жатқанына түсті де, Ержанды шақырып алып, екеуі ременді ауыстырды.

Асқар осы Қаламқаста болашақ жарымен танысты, келіншегі Айгүл Өрбісінова Қаламқас вахталық қалшығындағы жатақханалардың бірінде комендант болып жұмыс істейтін. Екі жастың көңілдері жарасып 2004 жылы үйленді. Дүниеге Асыл, Азамат атты бүлдіршіндер келді, қазір бұлар үшінші перзентінің дүниеге келуін күтіп жүр. Айгүл кейін №3 цехқа ЭВМ операторлығына ауысқан еді.

Асқар Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын қолдайтынын, ондағы мұнайшыларға жүктелген тапсырмаларды мүлтіксіз орындауға және еліміздің тәуелсіздігі күніне толымды табыстар әзірлеуге бар күш-жігерін жұмсайтынын айтты. Асқар Тілегенұлы «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік мұнай және газ өндіру операторы» номинациясы бойынша үшінші орынды иеленді.



**Айтуар Өтегенов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Жастар - жаңа бағыттың қозғаушы күші



Желтоқсанның 4 жұлдызы, мұнай-газ кешенінің қайнар көзі, батыр қала Жаңаөзенде Маңғыстау облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, "CyberSpace" ақпараттық технологиялар орталығы" Қоғамдық Бірлестігінің бастауымен ұйымдастырылған Маңғыстау облысы жұмысшы жастарының тұңғыш форумы өтті. Форумға, аты айтып тұрғандай, облысымыздағы барлық ірілі-кішілі өндіріс орындары мен білім беру ордаларының қызметкерлері мен тәрбиеленушілері, атап айқанда, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГӨЗ» АҚ т.б. шақырылып, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ атынан ММГ жас мамандар кеңесінің төрағасы Ходжаев Бауыржан және де кеңес белсенділері Сабыров Асқар, Өтелбаев Нұржан мен Әбдісадық Ғани қатысып келді.



Форум "Жастар - жаңа бағыттың қозғаушы күші" деген ұранмен жұмысшы жастар арасында тиімді қарым-қатынас орнату, жақынырақ танысу және ел ертеңі үшін бірлесе жұмыс жасау деген тақырыптың төңірегінде өрбіді. Қысқа қайырғанда, форум өз деңгейінде өтті деуге болады. Жастар тарапынан экология, туризм, білім беру және жұмыспен қамту салаларына қатысты тұшымды пікірлер айтылып, көңіл аударуға тұрарлық бірқатар ұсыныстар жасалды. Өскелең ұрпақтың арасында осындай елгезек жандардың көптігін көріп көңіліміз бір көншіп қалды.

## Құрметті «Маңғыстамұнайгаз» АҚ қызметкерлері, жастар!

«Маңғыстамұнайгаз» АҚ жанынан құрылған «Жас Мамандар Кеңесіне» дербес кеңсе берілгендігі туралы қуана хабарлаймыз! Кеңес жұмысына қатысты ойларыңыз немесе тұшымды ұсыныстарыңыз болса №116 кеңсеге немесе 211-766 телефоны бойынша хабарласуыңызды сұраймыз. Сондай ақ, Жас Мамандар Кеңесі мүшелерінің апталық жиналысы әр сәрсенбі сайын кешкі сағат 19-30-да «Маңғыстамұнайгаз» АҚ-ның акт залында өтетінін қаперіңізге саламыз, қатысамын деушілерге есік ашық.

Құрметпен,

**Жас Мамандар Кеңесі**

# «Үлкенге құрмет – жасқа міндет»

«Үлкенге құрмет – жасқа міндет» деген ұранмен қарашаның 30 күні, мереке қарсаңында, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанындағы Жас Мамандар Кеңесі ММГ мекемесінен зейнетке шыққан, қазіргі таңда аса мұқтаждық танытып, көмекке зәру болып отырған зейнеткерлерге қолдау көрсетуге бағытталған қамқорлық шарасын өткізді. Осы жолы жас мамандар үш зейнеткердің – II топ мүгедегі Елеусинова Алма, II топ мүгедегі Камалов Сәрсенбай және I топ мүгедегі Тангулов Оразалы ағаларымыздың шаңырағында болып, тұрмыстарымен танысып, азық-түлік пен тұрмысқа қажетті заттар салынған қоржындары мен естлік сыйлықтарын табыстап қайтты. Сондай ақ, үй шаруасына да азды-көпті көмектесіп, зейнеткерлерімізді бір қуантып, баталарын алды.





Дәл осындай қамқорлық-қайырымдылық шаралары Жас Мамандар Кеңесінің басты бағыттырының бірі болып, болашақта да жалғасын таба бермек. «Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған» қазақ елінің жастары үшін де мұқтаж жанға қол созып, көмек беру ешқашан жат болмақ емес. Әсіресе, елдің көркеюіне, осы кәсіпорнымыздың жетілуіне сүбелі үлесін қосқан зейнеткерлеріміз әрдайым ерекше назарда болмақ.

# «Бампербол» - батылдар ойыны



Қараша айының 29 мен желтоқсан айының 8 арасында, «Ақтау» сауда-ойын кешенінде өңіріміздегі ірі өндіріс орындары жастарының арасында, жастардың қарым-қатынасын нығайтып, ынтымағын күшейтіп, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған, «Қазақстан Ақтау» телеарнасының "Бампербoлдан" (ағыл. Bumper ball) бірінші ашық турнирі өтті.

«Бампербол» ойыны норвегиялық Хэнрика Элвестада (Henrik Elvestad) мен Йохана Голдена (Johan Golde) есімді кісілердің ойлап тапқан ойыны, дәстүрлі футбол додасының бір түрі. Ерекшелігі, мұндағы ойыншылар үстеріне полиэтиленнен жасалған арнайы шар пішінді костюмді киіп ойнайды. Ойынның мақсаты қарсылас команданың қақпасына доп салу, ал ол доптың қалай салынатыны ойыншының тапқырлы менептілігіне байланысты. Қарсыласты итеруге, аяқтан шалып құлатуға, қайта тұруға мүмкіндік бермеуге, тағы да басқа сан түрлі амалдарды қолдануға толық рұқсат берілген, және ол үшін ескерту де жасалмайды. Костюм салмағы 7-12 кг арасында, сондықтан ойыншылардан үлкен төзімділік талап етіледі. Ойын әдеттегідей 2 бөлімнен тұрып, 3-5 адамнан тұратын 2 командамен ойналады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ намысын қорғау Жас Мамандар Кеңесінің мүшелері: Әбдіров Шыңғыс, Ходжаев Бауыржан және Меделханұлы Думанға тапсырылды, жігіттер «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен «ОТК» ЖШС, «ОСК» ЖШС, «ОКК» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ, «ТеңізСервис» ЖШС өкілдерінен құралған «Алты Арыс» құрама командасының сабында өнер көрсетті. Турнир барысында жастарымыз «Өзенмұнайгаз» АҚ «Айрақты» командасымен, «Өзенмұнайгаз» АҚ мердігер мекемелерінің өкілдерінен құралған "Жаңаөзен жастары" командасымен, «Қаражанбасмұнай» АҚ «Күлкілі шар» командасымен, «Қаражанбасмұнай» АҚ мердігерлері жастарының «Жас тау», сондай ақ «Қазақстан Ақтау» телеарнасының командаларымен бірнеше тартысты кездесулер өткізді. Бақ шапты ма, бап шапты ма, әйтеуір жігіттеріміз кіл жүйріктің ішінен суырылып алға шыға білді. Ақтық додада «Алты Арысымыз» Жаңаөзен жастарымен бақ сынасып, нәтижесінде мәртебелі II орынды қанжығасына байлады, тиісінше I орын Жаңаөзен жастарының еншісіне бұйырды.

Жігіттер жарады десек, артық айтпаспыз! Артылған міндетті ойдағыдай атқарып, «Алты Арыс» намысты қолдан бермеді. Құттықтаймыз!

**Әбдісадық Ғани Ғабитұлы**
**Сапа және жобаларда басқару бөлімінің аудармашысы,**
**Жас Мамандар Кеңесінің мүшесі**

# Уважаемый полковник !!!





*Выражаем глубокую благодарность за Вашу работу на благо и процветания АО «ММГ». Время, прошедшее под вашим руководством, научило нас многому, мы стали профессиональнее, АО «ММГ» - сильнее. Сотрудники службы ГО и ЧС и коллектив ДТБ, ОТ и ООС отзываются о Вас как об исключительно профессиональном и приятном в работе начальником. Мы ценим и знаем Вас и Вашу неутомимую энергию, целеустремленность, требовательность к себе и специалистам, постоянное совершенствование, умение работать в команде, отзывчивость и доброту, силу духа и порядочность Конечно нам грустно что вы уходите. Как не грустить когда коллектив покидает волевой, ответственный работник. Но мы знаем то, чему вы нас научили поможет нам в дальнейшем.*

*Мы оправдаем ваши ожидания.*
*Желаем Вам удачи, счастья и крепкого здоровья и чтоб оно не покидало Вас и ваших близких.*
*Срок пенсионный подошел,*
*Прощаться надо.*
*За то, что жизнь в трудах провел,*
*Тебе - награда.*
*Свободен от рабочих дел,*
*В другом задачи:*
*Как обработать свой надел*
*На летней даче.*
*Как больше рыбы наловить,*
*Чтоб всем хватило.*
*Грибов собрать да засолить,*
*Чтоб вдоволь было.*
*Чтоб внуков было чем встречать,*
*Когда б гостили.*
*Да и о нас не забывать*
*Мы б попросили...*
*Здоровья крепкого вдвойне*
*Тебе желаем!*
*Жизнь очень долгую тебе*
*Мы предвещаем!*

# Құттықтаймыз!

## 60 жас

Ахметов Малик Асанович, 23 қаңтар, ГӨДТЦ, цех механигі

## 55 жас

Қарабасова Сымбат Болатқызы, 05 қаңтар, ҚҚҰЦ, қабаттың қысымын ұстау операторы
Карамурзаева Жупар Кабдуловна, 05 қаңтар, ӨЖҒЗБ, химиялық талдау лаборанты
Токтасынова Гулсим Рамазановна, 14 қаңтар, МГӨЦ-2, мұнай және газ өндіру операторы
Тілеужанова Алмаш Жоламанқызы, 22 қаңтар, МДжАЦ, тауар операторы
Избасова Айша Карленовна, 30 қаңтар, ҚД, жетекші есепші
Молдагеримова Салтанат Даулетовна, 31 қаңтар, ТҮПЦ, күтуші

## 50 жас

Әбдіқалықова Шолпан Төлепбайқызы, 01 қаңтар, МГӨЦ-3, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы
Кутеев Бекберген Жаксыликович, 01 қаңтар, ТҚЕҚжҚОҚД, 4 дәрежелі көлік жүргізушісі
Бялиева Мансия Басеровна, 03 қаңтар, ТҮПЦ, үтіктеуші
Қалиев Наурызбек Қуанышбекұлы, 03 қаңтар, ЛЖЖТУ, тазалаушы
Кенжебаева Айман Бахтияровна, 05 қаңтар, ӨТБ, мұнай және газ өндіру инженері
Аманьязова Муслима Изгалиевна, 06 қаңтар, МГӨЦ-2, мұнай және газ өндіру ауысымының инженері
Нурдаулетова Рысгул Нурдаулетовна, 06 қаңтар, ӘМжӘДД, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы
Калаканова Гульшара Азербаевна, 10 қаңтар, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы
Туретаева Айбиби Мусаевна, 10 қаңтар, ҚҚД, 4 дәрежелі әктеуші
Елтаева Балжан Ораковна, 12 қаңтар, МГӨЦ-2, мұнай және газ өндіру операторы
Сарсенбаев Алламурат Султамуратович, 15 қаңтар, ПҚЖПЦ, электргаздәнекерлеуші
Жангуттиев Бахтыгерей Кадырбаевич, 21 қаңтар, ҚҚ, 2 дәрежелі қарауыл
Жусупова Наталья Майхиевна, 26 қаңтар, МГӨЦ-2, мұнай және газ өндіру операторы
Кенетаева Зауре Багашаровна, 31 қаңтар, ҚҚҰЦ, қабаттың қысымын ұстау операторы

## С Новым Годом!!!

*Пусть Новый год придет к Вам в дом,*
*И счастья с радостью побольше*
*принесет!*
*Пусть этот день на долго запомнится,*
*А все заветные желания исполнятся!*
*Пусть Новый Год счастливым будет,*
*веселым добрым озорным,*
*и непременно заводным!*
*Пусть в Новый Год любовь к тебе придет,*
*А старый пусть печали унесет!*

***

*Пусть Новый Год звездой счастливой*
*Войдет в семейный Ваш уют,*
*Со старым годом торопливо*
*Пускай невзгоды все уйдут!*
*Пусть каждый день теплом согреет*
*И много счастья принесет,*
*И все сомнения развеет*
*Пришедший в полночь Новый Год!*

***

*Счастливо встретить новый год*
*Помогут друзья без забот!*
*Пусть веселье не кончается,*
*И хорошее настроение*
*По бокалам разливается!*
*С новым годом поздравляю*
*И всего, всего желаю!*

***

*С Новым годом вас, с Новым счастьем!*
*Мы желаем вам много всего,*
*Чтоб ни тучки в судьбе, ни ненастье*
*Не смогли вам испортить его.*
*Желаем новогодних вам чудес*
*И чтобы все, как в сказке, получилось,*
*И в Новый год приятное случилось.*
*Желаем вам добра и света,*
*Желаем лета, вечно лета,*
*И даже в зиму все равно*
*Не оставляло б вас оно.*
*Чтоб стаями кружились птицы,*
*Ложилось солнце на ресницы,*
*И легкий ветер каждый раз*
*Ласкал и нежил только вас.*

# ПАЛИТРА ЮНОСТИ МОЕЙ

**Руководитель группы по содержанию зданий ДАВиСР АО «Мангистаумунайгаз» Емельянова Елена Каликановна по праву может гордиться своей дочерью – Сабиной. Несмотря на юный возраст Сабина известная уже далеко за пределами Актау художница. Недавно в арт-галерее «Онер» открылась персональная выставка картин Сабины Рамазановой - «Палитра юности моей». Еще 17-летней девочкой Сабина выставляла свои работы в галерее «Алем». В нынешнюю экспозицию вошло порядка 60 картин, в основном, это масло.**

На открытие выставки пришли друзья Сабины, поклонники живописи. Из Алматы специально прилетели ее педагоги — преподаватели национальной академии искусств им. Жургенова. Керимбай Кистаубаев, академик, руководитель мастерской станковой живописи, подчеркивает трудолюбие и редкую работоспособность девочки. Ему вторит и академик Жумакын Кайрамбаев.

**- По моему мнению, у молодой художницы большое будущее. Ее работы очень живописны. Она пока лишь пробует себя, осваивает различные приемы написания картин. Но талант ее самобытен, - говорит Жумакын Кайрамбаев.**

Открытие выставки приурочено ко Дню Первого Президента РК. На мероприятии побывала заместитель акима Мангистауской области Бану Нургазиева.

- Такие талантливые молодые люди, как Сабина Рамазанова, такие «звездочки» прославляют нашу область по всему Казахстану. Я желаю Сабине творческих успехов, верю, что мы еще будем гордиться знакомством с ней, - сказала Бану Ганиевна.

Сабина Рамазанова учится на четвертом курсе академии искусств им. Жургенова в Алматы. Девушка говорит, что ей очень нравится свободная творческая атмосфера этого ВУЗа



- Нас ни к чему не принуждают, мы, студенты, живем по своему графику. Ведь, чтобы писать картины, нужен особый настрой, особое состояние души. Порой сидишь над этюдом, и ничего у тебя не получается. А назавтра приходит вдохновение, и все делаешь быстро и с удовольствием, - делится Сабина. Художница говорит, что главное — это идея. А еще Сабина рассказывает, что более всего любит писать портреты, хотя есть у нее и пейзажи, и натюрморты. На первой выставке Сабины было несколько работ в стиле аниме. Но от мультяшек она перешла к изображению героев казахских легенд и мифов.

Гостям выставки очень понравилась картина «Качели любви».

- Такие чистые и свежие краски, такие прелестные юные лица. Мне кажется, название выставки «Палитра юности моей» как нельзя лучше передает ощущение от работ Сабины. Мы смотрим на мир глазами этой девочки, глазами юного существа, только познающего жизнь, - говорит Русалина Мартын.



*Педагоги Сабины заслуженные художники РК, члены Союза художников РК, академики, профессора КНАИ им. Т.Жургенова.*

Владельцы арт-галереи «Онер», известные художники Аймурат Танатов и Тынышбек Балтабаев, говорят, что рады были предоставить помещение для этой экспозиции.

- Мы стараемся помогать молодым талантам. Хотим разнообразить творческую атмосферу Актау, хотим, чтобы об Актау говорили, как о центре искусств и ремесел. Сегодня, в день рождения нашей галереи, мы можем смело сказать — наша задумка удалась. Кстати, 16 декабря мы приглашаем всех любителей живописи на большую выставку известных казахстанских художников, - рассказывает Аймурат Танатов.

Сабина Рамазанова благодарит всех, кто помог ей в организации и проведении выставки, и в особенности свою маму Елену, которая поддерживает дочь во всех ее начинаниях.

- Я рада, что так много гостей пришло на мою выставку. Мне сказали множество добрых слов. И я должна, даже обязана оправдать ожидание тех, кто верит в меня, - говорит Сабина Рамазанова.

**www.lada.kz**



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Р.Ізберген
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терiлiп, беттелдi.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750
Тапсырыс: 1878